

Жұмыс істеп жүріп және жұмыссыз ретінде тіркеуде тұрып қайтыс болған азаматтарды жерлеуге берілеттін бір жолғы әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 23 шілдедегі N 397 қаулысы. Алматы облысының әділет департаменті Панфилов ауданының әділет басқармасында 2009 жылды 27 тамызда N 2-16-96 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 29 наурыздағы N 126 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2010.03.29 N 126 қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағы 14-тармақшасын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Жұмыс істеп жүріп және жұмыссыз ретінде тіркеуде тұрып қайтыс болған азаматтарды жерлеуге берілеттін бір жолғы әлеуметтік көмек (бұдан әрі - әлеуметтік көмек) азаматтың қайтыс болған кезеңіндегі айлық есептік көрсеткіштің он еселенген мөлшерінде тағайындалып, төленуі қамтамасыз етілсін.

2. Әлеуметтік көмек, азамат қайтыс болған күннен бастап, алты ай мерзім ішінде отбасы мүшелерінің немесе жерлеуді үйымдастыруды өзіне алған адамның өтініші бойынша, отбасының табысына қарамастан, қайтыс болған адам жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі бөлімде ресми түрде тіркеуде тұрған жағдайда, жұмыс істеп жүріп қайтыс болған кезде, мекеменің меншік түріне қарамастан еңбек қатынасында болса төленеді.

3. "Панфилов аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Азат Жапарұлы Жақыбай әлеуметтік көмекті отбасы мүшелерінің немесе жерлеуді үйымдастыруды өзіне алған адамның жеке шотының нөмірлері көрсетілген өтініштің негізінде аудандық пошта байланыс торабы арқылы мына төмендегі құжаттарды өткізген жағдайда тағайындалып, төленуі қамтамасыз етілсін:

1) өтініш иесінің жеке басының куәлігі, соның ішінде оралмандарға берілген ықтияр хат немесе оралмандар куәлігі, салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) сақтандыру кассасына ұсынылатын әділет органдары беретін өлім туралы анықтама (тұнұсқасы);

3) еңбек қатынастарын растайтын құжат (еңбек кітапшасы, жұмыс істеген

жерінен анықтама, еңбек келісім-шарты);

4) ресми түрде жұмыссыз мәртебесін ратайтын анықтама.

4. "Панфилов ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастыры Бибігүл Нұкенқызы Албанбекова аудандық бюджетте көзделген қаржыландыру жоспарының міндеттемесіне және төлемнің қаржы шегіне сәйкес жұмыс істеп жүріп және жұмыссыз ретінде тіркеуде тұрып қайтыс болған азаматтарды жерлеуге берілетін бір жолғы әлеуметтік көмекті қаржыландыру мәселелерін шешсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Амантай Абдықадырұлы Раевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

E. Келемсейіт

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК